

## **"Мойнақ СЭС қуатын беру схемасы" жобасы бойынша мемлекеттік кепілдігін беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 қарашадағы N 1771 Қаулысы

"Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" "KEGOC" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "KEGOC" АҚ) іске асыратын "Мойнақ СЭС қуатын беру схемасы" жобасын тиімді қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) "KEGOC" АҚ-мен мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім жасасын;  
2) Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне (бұдан әрі - Банк) "2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер берудің лимиті шегінде 48000000 (қырық сегіз миллион) АҚШ доллары мөлшерінде тартылатын қарыз бойынша "KEGOC" АҚ-ның міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін.

2. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "KEGOC" АҚ-ның мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз ету ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*